



Мұғалімнің аты-жөні:	Күлбаева Ақерке Есімжанқызы	
Елдімекен	Нұр-Сұлтан қаласы	
Мектеп:	№63 мектеп-гимназиясы	
Сынып:	5	
Пәні:	Қазақ тілі	
Сабақтың тақырыбы	Дәрумендер – денсаулық кепілі	

Бөлім	1-бөлім: Денсаулық – зор байлық
Сабақта іске асатын оқу мақсаты	A4.Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау.
Сабақтың мақсаттары	<p>Оқушылардың барлығы: – Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнын түсінеді;</p> <p>Оқушылардың көпшілігі: – Мәтін мазмұнына жоспар құрады;</p> <p>Кейбір оқушылар: – Мәтінге сүйене отырып баяндай алады.</p>
Бағалау критерийі	– Шағын көлемді мәтін мазмұнына жоспар құра алады; – Жоспарға сай ойын баяндай алады.
Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы және терминология: шағын көлемді мәтін, жоспар Диалог және айтылым үшін қажетті сөз тіркестер: шырын, дәрумен, тазалық сақтау, күн тәртібі, пайдалы, шынығу, таңдап жеу, естен шығарма, қорғаныс.
Құндылықтар	Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, азаматтық жауапкершілік, құрмет.
АКТ дағдысын қолдану	Bilimland.kz, i.mektep , интербелсенді тақта.
Өмірмен байланыс	Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру.
Пәнаралық байланыс	Биология, химия

Сабақ барысы:


Жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы 5 минут	Қызығушылықты ояту bilimland.kz сайтынан «Дәрумендер дегеніміз не?» деген бейнемәлімет көрсетіледі. Оқушылар осыдан кейін сабақтың тақырыбын болжайды. «Дәрумендер» туралы анықтамаларды жазып алу ескертіледі.	 https://bilimland.kz/kk/subject/ximiya/11-synyp/darumender-vitaminder-men-dariler
3 минут	Кері байланыс: оқушылар өздерінің дәрумендер туралы жазып алған анықтамаларын жалғастыра оқып, анықтамаға сәйкес жазылмаған оқушыларды анықтайды. Оқушыларды сабақ мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстырамын	
Сабақтың ортасы 6 минут	Мағынаны тану кезеңі Оқушылар айтылым тапсырмасын орындай алу үшін bilimland.kz сайтынан «Мәтіннің жоспары қалай	

Сергіту сәті
2 минут

жасалады?» деген тақырыпта бейнефильм көрсетіледі.
Бейнефильм бойынша түсінгендерін қорытындылау үшін ойын ойнатылады.

Кері байланыс: оқушылардың жоспар туралы білетіндері сараланады;

Оқушыларға дәрумендердің екі түрге бөлінетіні туралы мәлімет беру үшін **bilimland.kz** сайтынан ақпараттар көрсетіледі



5 минут

Оқушылар суреттер бойынша суға еритін дәрумендер және майда еритін дәрумендер болып екі топқа бөлінеді. Суырған суреттері бойынша ойларын айтады.



2 минут



Кері байланыс: суреттер бойынша өз пікірлерін білдіреді.
Айтылым тапсырмасы. Топтарға мәтін таратылады. Түсініп оқып, түсініксіз сөздермен жұмыс жасайды. Мәтін мазмұнына жоспар құрады. Топтар бір-бірінің жұмысын алмастырады. Өздеріне түскен топтың жоспары бойынша:
1-топ: сурет салады (суреттерін сөйлетеді);



<https://imektep.kz/kz/matinnin-zhospari>

https://imektep.kz/kz/game#true_false-1348

<https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/adam-biologiyalyq-tur-retinde/as-qorytu/lesson/majlard-a-eritin-darumender>

слайд

слайд

10 минут

2-топ: қысқаша баяндап береді.
Топтар бір-бірін бағалау критерийіне сай бағалайды.

Бағалау критерийі	Дескриптор	Ұпай
Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құра алады	Мәтін мазмұнын түсінеді	
	Жоспар құра алады	
Жоспарға сүйеніп баяндай алады.	Жоспарға сай баяндай алады	

1-топ мәтіні:

Дәрумендер – бұл майда немесе суда еритін, ағзаның қалыпты өсіп, қызмет етуі үшін қажетті, сондай-ақ өсімдік және жануарлар тегінің тамақ өнімдерінен табиғи жолмен алынатын органикалық заттар.

Дәрумендер жаңалығы медицинада үлкен рөл ойнады. Оның арқасында, қырқұлақ, мешел, ақшам соқыр тәрізді жақын арада белең алған жаппай аурулардың себептері анықталды. Қазіргі уақытта әрқайсысы белгілі бір фармакологиялық әсерге ие 13 дәруменге деген қажеттіліктің бар екені мәлім болды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынғандай, күніне жеміс-жидектер мен көкөністердің кем дегенде 5 порциясын қабылдаған дұрыс: екі жеміс-жидек порциясы және үш көкөніс порциясы. Мұндай мөлшерде ағза қажетті дәрумендер мен минералды заттарды ала алады. Түрлі түсті жеміс-жидектер мен көкөністер болса, тіпті жақсы болады.

2-топ мәтіні:

Дәрумендер – органикалық табиғаттың мейлінше күрделі, белсенді заттары. Олар тек күнделікті тұрмыста пайдаланылатын азық-түліктің құрамы ғана емес, сонымен қатар дәрілік тәжірибеде де қолданылатын, фармотерапиялық шипа көзі. Дәрумендер – адам ағзасының зат алмасуы, жұмыс істеу қабілетінің бірқалыпты болуы үшін аса қажетті, биологиялық жағынан белсенді органикалық қоспалар деп саналады.

«А» дәрумені жетіспегенде адам ымыртта көргіштік қабілетін жоғалтып, бағдарынан адасады. «А» дәрумені иммунитетті, сүйектерді, көздерді және теріні күшейтеді. Мандарин, бауыр, балық, сарымай, жасыл шөптерде және цитрусты жемістерде көп мөлшерде болады.


Дәрумен С (аскорбин қышқылы). Ағзадағы қышқылдану қалпына келу процестеріне қатысады. Бұл дәрумен жетіспегенде тіс ауруы пайда болады. С дәрумені иммунитетті күшейтеді, инфекциялармен күреседі, тамырларды, тіс еттерін қояйды. Аскорбин қышқылы суда тез ериді.

Қалыптастырушы бағалау. Топ оқушылары өздерінің атауларына байланысты **bilimland.kz** сайтынан тест орындайды



<https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/adam-biologiyalyq-tur-retinde/as-qorytu/lesson/majlard-a-eritin-darumender>

5 минут



Сабақтың соңы
Рефлексия
2 минут

Бүгінгі сабақтағы 3 маңызды ақпаратты белгілеңіз

